

**Арнайы және жалпы білім беретін мектептердің логопедтеріне арналған
«Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің заманауи
технологиялары» педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

1. «Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің заманауи технологиялары» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) арнайы және жалпы білім беретін мектеп логопедтерінің біліктілігін арттыру курстарында оқуын реттейді.

2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру қарқынды дамып келеді. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық құжаттарға сәйкес «ерекше білім беруді қажет ететін балалар», «ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау» және т.б. ұғымдар енгізілді. Халықаралық білім беру практикасында барлық білім алушылардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, кеңінен таралған сапалы білім алуға тең құқықтар қағидаты арнайы және жалпы білім беретін мектеп педагогтарынан осы балаларға арнайы оқу жағдайларын жасау және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетудің заманауи технологияларын қамтамасыз етуді талап етеді. Арнайы және жалпы білім беретін мектептердің логопедтері үшін жеке біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі Қазақстан Республикасында арнайы және жалпы мектептерде жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың көбеюі, арнайы және жалпы мектеп логопедтерінің дайындығының жеткіліксіз болуы арасындағы қарама-қайшылық, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету жұмысында жаңа технологияларды қолдану тапшылығымен байланысты. Жалпы білім беретін мектеп логопедтерінің кәсіби қажеттіліктерін талдау көптеген мамандардың біліктілікті арттыру курстары және әдістемелік ұсынымдардан өздерінің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыруды маңызды ресурс ретінде қарастыратынын көрсетті. Курстың әзірленген білім беру бағдарламасы жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға көмек көрсету, түзету жұмысы барысында жаңа технологияларды қолдану логопедтердің кәсіби жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

3. Курстың мақсаты – арнайы және жалпы білім беретін мектептердегі жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушылармен жұмыс жасайтын логопедтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Бағдарлама мектеп оқушыларымен түзету жұмыстарын ұйымдастырудың сәттілігі туралы заманауи идеяларға сәйкес келетін арнайы және жалпы білім беретін мектеп логопедтерін кеңейтілген білім мен практикалық дағдыларын меңгеруге бағытталған, сондай-ақ жазбаша сөйлеу тілі бұзылған, дисграфия, дислексия, дизорфографиясы бар оқушыларға түзете-логопедиялық көмек көрсету

аумағында практикалық әдістер мен тәсілдерді қолдануға бағытталған шаралар кешенін қамтиды.

4. Логопедтерді оқыту курсының ұзақтығы 72 сағат, 9 жұмыс күні, оның әрқайсысы күніне 2 сағаттан тұратын 4 сабақтан құралған (8 академиялық сағат) екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең – аудиториялық, екіншісі – базада зертханалық-практикалық сабақтар.

Арнайы және жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс жүргізуге құзыретті логопед мамандардың қажеттілігі мен кәсіби әрекетінде әдістемелік, ұйымдастырушылық қолдау қажеттілігі бағдарламаның өзектілігі мен оның мемлекеттік басымдықтар, әлемдік трендтермен байланысын белгілейді.

2. Глоссарий

5. Курстың глоссарийі төмендегі негізгі ұғымдардан тұрады:

1) дисграфия – жазбаша сөйлеуді жүзеге асыруға қатысатын ми құрылымдарының жеткіліксіз қалыптасуы салдарынан жазбаша сөйлеу тілін толыққанды меңгеру мүмкіндігінің бұзылысы;

2) сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы – сөздердің сөз тіркестері мен сөйлемдердегі өзара әрекеттесуі. Грамматикалық құрылымның морфологиялық және синтаксистік жүйелері бар. Морфологиялық жүйе дегеніміз – сөз өзгерту мен сөз құрау амалдарын меңгеру, ал синтаксистік жүйе – сөйлем құрау, сөйлемдегі сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс біріктіру икемі;

3) сөйлеудің қарым-қатынастық қызметі – сөйлеу тілін басқаларға кез келген ақпаратты жеткізу немесе оларды әрекет етуге итермелеу үшін пайдалану. Хабар беру кезінде қандай да бір затты көрсету болады, бұл тілдің нұсқау, индикативтік, сөйлеу тілі қызметін белгілейді;

4) дислексия – оқытуға қабілеттіліктің сақталғанына қарамастан оқу мен жазу дағдыларын меңгерудің таңдамалы бұзылысы. Көптеген Еуропа елдерінде «дислексия» ұғымына жазбаша сөйлеу тілімен байланысты барлық мәселелер енеді;

5) мониторинг – латын тілінен *monitor* сөзінің туынды нысаны, бақылау, қадағалау және ескерту сияқты қызметтерді жүзеге асыруға бағытталған әрекетті жүзеге асыруды білдіреді. Педагогикалық мониторинг ретінде педагогикалық жүйенің қызметі туралы мәліметтерді ұйымдастыру, жинау, өңдеу, сақтау және таратуды айтады. Бұл нысан педагогикалық жүйенің жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді және оның дамуын болжауға мүмкіндік береді;

6) сөйлеу әрекеті – пәндік ынталандыру, мақсатқа бағытталғандықпен сипатталатын қызмет түрі, ретті бірнеше кезеңдерден тұрады: бағдарлау, жоспарлау, сөйлеу тілі жоспарын орындау, бақылау (Л.С. Выготский);

7) сөйлеу картасы – бұл баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің жағдайын сипаттайтын ресми құжат;

8) байланыстырылған сөйлеу тілі – мазмұндық құрамының барлық маңызды жақтарын көрсететін сөйлеу тілі түрі. Сөйлеу тілі екі жағдайға орай байланысты болмауы мүмкін: не бұл байланыстар саналы болмағандықтан және сөйлеушінің ойында байқалмағандықтан немесе бұл байланыстар оның сөзінде дұрыс анықталмағандықтан. Әдістемеде «байланыстырып сөйлеу тілі» термині бірнеше мағынада қолданылады: 1) сөйлеушінің әрекеті, қызметі; 2) осы қызметтің нәтижесі, мәтін, мәлімдеме; 3) сөйлеу тілін дамыту жөніндегі жұмыс бөлімінің атауы. «Сөз», «мәтін» терминдері синоним ретінде қолданылады. Байланыстырылған сөйлеу тілі дегеніміз – бір-бірімен байланысқан және тақырыптық жағынан біріккен, аяқталған бөліктерді қамтитын бірыңғай мағыналық және құрылымдық тұрғыдан тұтас тұлға;

9) фонематикалық жүйе – бұл әр бірлік белгілі бір мағыналық белгілер жиынтығымен сипатталатын тілдегі фонемалардың жүйесі. Бұл белгілер қаттылық немесе жұмсақтық, ұяндық не қатаңдық, жасалу жолы, жасалу орны, таңдайдың қатысуы. Фонематикалық жүйеде белгілі бір қатынастар болады. Әрбір фонема басқа біреуінен бір мағыналық ерекшелігі, немесе бірнеше белгілері бойынша ерекшеленеді;

10) педагогикалық жаңалық – белгілі бір бірліктер мен білім бері жүйесін тұтастай өзгертетін педагогика саласындағы жаңа ережелер, білім беру ортасына тұрақты жаңалықтар енгізетін мақсатты өзгерістер;

11) дизорфография – орфографиялық дағдыларды меңгере алмаудың ерекше бұзылысы, сөйлеу тілі онтогенезінің байланысқан бұзылысы;

12) ақпараттық технологиялар – ақпараттық өнімді алу үшін жинақтау, өңдеу, алғашқы ақпаратты беру амалдарының жиынтығын қолданушы үдеріс;

13) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

14) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

15) білімға арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамыту мен түзете-дамыту бағдарламалары және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

3. Бағдарлама тақырыптары

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасы төмендегі тақырыптарды қамтиды:

- 1) 1-тақырып. Қазақстан Республикасында түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп ұйымдары мамандарының жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база (заңгер-кеңесшімен сұқбаттасу);
- 2) 2-тақырып. ҚР-да және шетелде дисграфия мен дислексияға заманауи көзқарастар;
- 3) 3-тақырып. «Жазбаша сөйлеу тілі» ұғымы. Жазбаша сөйлеу тілінің ауызша сөйлеу тілінен айырмашылығы;
- 4) 4-тақырып. Бастауыш оқушыларының ауызша және жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтау (логопедиялық аспект);
- 5) 5-тақырып. Жазу дағдысының қалыптасуының психофизиологиялық негіздері. Жазу актісінің миды ұйымдастыруы;
- 6) 6-тақырып. Орфографияның қағидалары. Жазу бұзылыстарының ерекшеліктері. Жазу және оқу үдерістерінде бұзылыстары бар (немесе дислексия/дисграфия қаупі бар) оқушыларды тексеру;
- 7) 7-тақырып. Дисграфия: механизмдері, жіктемесі, белгілері;
- 8) 8-тақырып. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;
- 9) 9-тақырып. Жазу бұзылыстарын түзету қағидалары. Дисграфияның әртүрлі түрлерінде логопедиялық жұмыстың әдістемесі;
- 10) 10-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы оптикалық дисграфия: ерте кезеңнен алдын алу және түзету жолдары;
- 11) 11-тақырып. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау және түзету;
- 12) 12-тақырып. Дислексияны түзету бойынша логопедиялық жұмыстың әдістемесі;
- 13) 13-тақырып. Екінші буын стандарттарын іске асыру барысында бастауыш сынып оқушыларының сөз шығармашылығы жазбаша сөйлеу тілін меңгеру құралы ретінде;
- 14) 14-тақырып. Машықтандырылған оқу логопедиялық тәжірибенің жетекші әдісі ретінде;
- 15) 15-тақырып. Мұғалім-логопедтің өз білімін жетілдіруі және кәсіби құзыреттілігін арттыруы;
- 16) 16-тақырып. Оқушылармен логопедиялық жұмыста ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдану.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

7. Біліктілікті жетілдіру бағдарламасының мақсаты – арнайы және жалпы білім беретін мектептерде жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары бар оқушылармен жұмыс жасайтын логопедтердің түзете-логопедиялық жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру. Білім беру жүйесінде аталмыш бағдарламаның қазақ тілінде аналогтарының жоқтығына байланысты жасалды. Біліктілікті жетілдіру бағдарламасының алғаш рет жасалуы, оның жанашылдық дәрежесін белгілейді.

8. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) оқушылардың оқу мен жазу бұзылыстарын талдау мен түзету саласында педагогтердің құзіреттілігін жетілдіру;
- 2) оқушылардың оқу мен жазу бұзылыстарын анықтау және жою саласында маман еместердің (ата-аналар) құзыреттілігін көтеру;
- 3) Қазақстан Республикасында арнайы және жалпы білім беретін мектептердің логопедтерінің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар аясындағы білімдерін кеңейту;
- 4) түзете-логопедиялық жұмыс және түрлі бұзылыстардың алдын алуда заманауи компьютерлік технологияларды қолдану мүмкіндіктерін көрсету;
- 5) Қазақстан Республикасының арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының мамандарын құжаттамаға қойылатын бірыңғай талаптармен таныстыру.

9. Курс соңында тындаушылар:

- 1) жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға арнайы және жалпы білім беретін мектептерде түзете-логопедиялық жұмысты ұйымдастыру және оның мазмұны, заманауи жоғары білікті мамандардың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі жетілдіру, кәсіби дамуына қолдау көрсететуде орны мен рөлін түсінеді;
- 2) оқу мен жазуда бұзылыстары бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың формалары, әдістері мен жағдайлары туралы білім алады;
- 3) балалық шақта жазу мен оқу бұзылыстарының себептері мен механизмдері жөніндегі заманауи түсініктерді меңгереді;
- 4) оқуда қиындықтары бар оқушыларға жеке білім беру бағдарларын құру, тиімді іріктеп қолдану және іске асыруға қабілетті;
- 5) дислексия мен дисграфияның түрлі формаларын жоюға арналған дәстүрлі және инновациялық технологияларды меңгереді;
- 6) дислексия және дисграфиясы бар балалардың жеке білім алу қажеттіліктері мен дене және психикалық, жас ерекшеліктерін ескеріп, білім бере-түзету үдерісін жүзеге асыруға (қолдауға) қабілетті;
- 7) мектептегі қиындықтарды психологиялық-педагогикалық талдауға дайын болады;
- 8) оқушылардың жазу мен оқуда бұзылыстарын жою кезінде психологиялық-педагогикалық қызметтерді реттеуге қабілеттілігі артады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

10. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

11. Нормативті-құқықтық модуль:

- 1) 1-тақырып. Қазақстан Республикасында түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп ұйымдары мамандарының жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база (заңгер-кеңесшімен сұқбаттасу); мектептегі білім

берудің мемлекеттік сипаты. Қазақстан Республикасында мектепте білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын жаңарту. Қазақстан Республикасындағы мектепте білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын жаңарту. Қазақстан Республикасының Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын талдау (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы), Сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар балаларды оқыту-тәрбиелеудің Типтік Бағдарламасы (ҚР Білім және Ғылым министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (бұдан ары – типтік бағдарлама), өзгерістер енгізу жөнінде Үкімет қаулысы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «ҚР-да тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ бұйрығы 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 Бұйрық, ҚР Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырдағы № 22744 тіркелген, «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26618 болып тіркелген, Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді, Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5750 болып енгізілді (Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 № 121), «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

12. Психологиялық-педагогикалық модуль:

2) 2-тақырып. ҚР-да және шетелде дисграфия мен дислексияға заманауи көзқарастар. Дислексияның ерекше бұзылыстарын жоюға әсер ететін факторлар. Осы бұзылысты жоюға арналған нақты әдістемелік ұсыныстар;

3) 3-тақырып. «Жазбаша сөйлеу тілі» ұғымы. Жазбаша сөйлеу тілінің ауызша сөйлеу тілінен айырмашылығы;

4) 4-тақырып. Бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтау (логопедиялық аспект). Бастауыш сынып оқушыларын Т.А. Фотекова, Т.В. Ахутина әдістері негізінде нейропсихологиялық әдістерді қолдана диагностикалау.

13. Мазмұндық модуль.

1) 5-тақырып. Жазу дағдысының қалыптасуының психофизиологиялық негіздері. Жазу актісінің миды ұйымдастыруы. М.М. Безрукихтің бастауыш мектептегі каллиграфиялық қиындықтар туралы зерттеулері. Жазуға үйрету мәселесі. Жазу үдерісі бірқатар психофизиологиялық компоненттерді қамтитын күрделі қызмет ретінде. А.Р. Лурия мен жазудың үш кезеңі;

2) 6-тақырып. Орфографияның қағидалары. Жазу бұзылыстарының ерекшеліктері. Жазу және оқу үдерістерінде бұзылыстары бар (немесе дислексия/дисграфия қаупі бар) оқушыларды тексеру;

3) 7-тақырып. Дисграфия: механизмдері, жіктелуі, белгілері. Акустикалық, моторлы, оптикалық дисграфия;

4) 8-тақырып. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

14. Технологиялық модуль:

1) 9-тақырып. Жазу бұзылыстарын түзету қағидалары. Дисграфияның әртүрлі түрлерінде логопедиялық жұмыстың әдістемесі;

2) 10-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы оптикалық дисграфия: ерте кезеңнен алдын алу және түзету жолдары. Оптикалық дисграфияның пайда болу себептері. Оптикалық дисграфияның алдын алу. Оптикалық дисграфияны түзету жолдары;

3) 11-тақырып. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау және түзету. Жазуда бағдарламалау, реттеу, бақылау. Сөздік және бейвербалды материалды қолданып, танымдық әрекетін зерттеуде бағдарламалау, реттеу, бақылау. Қимыл әрекетінде бағдарламалау, реттеу, бақылауды анықтау;

4) 12-тақырып. Дислексияны түзету бойынша логопедиялық жұмыстың әдістемесі. Бірінші кезең – шатастыратын дыбыстарды дыбыстау және есту бейнесін біртіндеп анықтау. Екінші кезең – шатастыратын дыбыстарды дыбыстау және есту жоспарында салыстыру;

5) 13-тақырып. Екінші буын стандарттарын іске асыру барысында бастауыш сынып оқушыларының сөз шығармашылығы жазбаша сөйлеу тілін меңгеру құралы ретінде. Л.С. Выготский шығармашылық туралы адамның белсенділігі мен оның тәуелсіздігінің жоғарғы формасы ретінде анықтауы. Бастауыш сынып оқушысының ауызша шығармашылыққа деген белсенділігінің үш деңгейі;

6) 14-тақырып. Машықтандырылған оқу логопедиялық тәжірибенің жетекші әдісі ретінде. Оқу дағдысын зерттеудің стандартталған әдістемесі (ОДЗСӘ) және машықтандырылған оқуды анықтау әдістемесі (МОАӘ). Оқу

дағдысының әдісі, жылдамдығы, дұрыстығы, машықтандырылуы және оқығанды түсіну сияқты параметрлері туралы деректерді өңдеу және алудың жеңілдігі;

7) 15-тақырып. Мұғалім-логопедтің өз білімін жетілдіруі және кәсіби құзыреттілігін арттыруы. Құзыреттілік кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін білім, икем, дағдылардың үйлесуі ретінде. Құзыреттілік тұлғаның интегралды сипаты ретінде. Мұғалім-логопедтің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық қызметті жүзеге асыруға маманның теориялық және практикалық тұрғыдан ерекше сипаты ретінде.

Өздігінен кәсіби білімді жетілдіру. Педагогтардың өздігінен білімін арттырудың негізгі критерийлері.

15. Вариативтік модуль

1) 16-тақырып. Оқушылармен логопедиялық жұмыста АКТ-ны қолдану: логопедиялық жұмыста ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалану. Жазбаша сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың жаңа материалды оқуға деген ынтасын арттыру. Танымдық әрекетті белсендіру, баланың ойлауы мен шығармашылық қабілетін дамытудың әдістемелік әдістері;

16. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріспе сауалнамасы кезінде анықтайды.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

17. Біліктілікті арттыру курстары төмендегі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі оқу. Күндізгі оқу курсының ұзақтығы 72 сағат. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастырған кезде ОТЖ-дағы Оқу тақырыптық жоспарда сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізудің тақырыптары мен формасы өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқыту режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес аралас оқыту болады, ол оқытудың үш кезеңін қамтиды: күндізгі оқыту – 16 сағат, қашықтықтан оқыту – 8 сағат, өздігінен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі.

18. Білім беру үдерісі оқытудың төмендегідей интербелсенді формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық мен жұптық түрде практикалық жұмыс, топтарда тренингтер, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, дәріс үзінділерін көрсету, кейстер әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ вебинар, онлайн форум, онлайн кеңес беру және оқытудың аралас режимінде курс тыңдаушысын өздігінен оқыту.

19. Оқу жоспарында дәрістер мен зертханалық-практикалық сабақтардың үйлесімі қарастырылған. Дәріс сабақтарының мақсаты:

1) сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары мақсатында түзету жұмыстары мен сөйлеу терапиясын ұйымдастыру және жүргізудегі қазіргі кезеңде тыңдаушылардың Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру жүйесінің маңыздылығы туралы хабардар болуға ұмтылысы;

2) логопедтің жеке басының ерекше рөлін ашып көрсету, ол теорияны ғана емес, сонымен қатар қазіргі талаптарды ескере отырып, сөйлеу тілі жалпы дамымаған әр балаға жеке көзқарасты сақтап, түзету жұмыстарының барлық кешенін әдістемелік тұрғыдан сауатты құруы керек;

3) логопедтердің кәсіби сипаттарына және олардың заманауи компьютерлік технологиялар, оның ішінде түрлі мүмкіндіктері шектеулі балаларды қашықтан оқытуға қажеттіліктерінің жоғарылауына назар аудару.

20. Зертханалық және практикалық сабақтарға топтарда және жеке түрде көру, тұсаукесерлер мен тапсырмаларды орындау кіреді:

1) ашық сабақтарды базада көру және талдау;

2) логопедиялық кабинеттердің жабдықтарымен танысу;

3) логопедиялық құжаттаманы толтыру үлгілері;

4) курс тыңдаушыларына коучинг;

5) тақырып бойынша әр дәрістің соңында тыңдаушылардың теориялық білімін бақылау сұрақтары мен тапсырмалары;

6) логопед-мұғалімнің түзету жұмыстарының жеке жоспарларын толтыру, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша түзету ұйымдарының мамандарына арналған сауалнамалар толтыру;

7) жеке жұмыс;

8) сауалнамалар, тестілеу, мониторинг.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

21. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешеніне:

1) сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері үшін біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы;

2) түзету жұмыстарын ұйымдастыру және мазмұны бойынша түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының логопедтеріне арналған нұсқаулық;

3) арнайы және жалпы білім беретін мектептердің логопедінің құжаттары;

4) базада зертханалық-тәжірибелік сабақтар кезеңіндегі тапсырмалар;

5) тыңдалған дәрістердің нәтижелері бойынша сауалнама және тестілеу;

6) арнайы білім беру ұйымдарының логопеді құжаттарының тізімі;

7) тұсаукесерлер мен үлестірілген материалдар.

22. Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті жаңа ақпараттық технологиялар қолданылады, компьютер негізгі құрал болып табылады. Ол

білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

23. Бағалау критерийлеріне сәйкес логопедтер төмендегілерді көрсетеді:

1) Бағдарламада ұсынылған негізгі идеялар туралы білімді игеру және түсіну;

2) идеяларды өзінің практикалық қызметінде қолдану;

3) жаңа тәжірибелерді іске асыру туралы ойлану және одан әрі өзін-өзі дамыту үшін қорытындыларды зерттеу;

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында өздік жұмыстар, жедел-сауалнамалар, дәріс материалының үзінділерінің тұсаукесері, қорытынды тестілеу, сонымен қатар аралас оқыту режимінде курс бойынша аралық тестілеу өтеді. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

24. Тыңдаушылардың кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы курстың ОӘК-не кіретін Бағдарлама мазмұнын меңгерудің бағалау критерийлері мен параметрлерін дайындайды:

- тұлғалық-бағдарлау және жеке-жіктемелі көзқарас негізінде бейімделген білім бере-түзеу бағдарламаларын іске асыруға дайындығы;

- жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін ескере отырып топтық (шағын топтық) жеке сабақтарды жоспарлау және өткізу қабілеті;

- жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың таным белсенділігі, өздігінен әрекеттенуі, бастамашылдығын дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді қолдану қабілеті;

- логопедиялық тексеру бағдарламасын құру, баланың даму көрсеткіштерін анықтау; тексеру нәтижелерін түсіндіру қабілеті;

- оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары мен түзетуді бағалау диагностикасы әдістерін меңгеру;

- сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың әртүрлі топтарының дене және психикалық дамуының ерекшеліктері, білім беруде ерекше қажеттіліктерін білетіндігін көрсетіп, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады;

- түзете-дамыту үдерісінде жіктемелі көзқарасты қамтамасыз етуге қабілетті;

- арнайы/жалпы білім беру ұйымында білім беру үдерісі барысында заманауи білім беру, түзете-дамыту дидактикалық құралдары, ақпараттық-коммуникативті технологияларды әдістемелік жағынан негіздей отырып, іріктеп, қолданады.

9. Курстан кейінгі қолдау көрсету

25. Курстан кейінгі қолдау төмендегідей жүзеге асырылады: өзекті мәселелерді талқылау; арнайы және жалпы білім беретін мектептердің логопедтері мен мұғалімдерін әдістемелік қолдау мәселелері жөнінде пікір мен тәжірибе алмасу; арақашықтықтан кеңес беру; семинарлар; онлайн-форумдар; желілік қауымдастық аясында жұмыс жүргізу; педагогтардың біліктілік деңгейіне сәйкес портфолио мазмұнына қойылатын талаптар жүйесін құру. Мұндай ақпараттық банктің болуы педагогтың зияткерлік әлеуетінің өсуіне, жаңашыл әрекеттерді жүзеге асыруына және біліктілігінің жоғарылауына ықпал етеді.

Курстан кейін қолдау бір жыл бойы жүргізіледі. Алдын ала курсқа қатысушыларға мынадай сұрақтар бар кестені толтыру ұсынылады: курстан алған теориялық және тәжірибелік білімдерін өз қызметінде іске асыруы, семинарлар, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, мақалалар жариялау, әдістемелік құралдар құрастыру және т.б. Сонымен қатар курсқа қатысқандар курс жетекшісі ұйымдастырған ZOOM платформасы арқылы онлайн-конференцияда қосымша сұрақтар қойып, ой бөлісулері мүмкін.

10. Негізгі және қосымша әдебиет тізімі

26. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. Бастауыш білім беру МЖМББС (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).
2. Сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар балаларды оқыту-тәрбиелеудің Типтік оқыту бағдарламасы (ҚР БЖҒМ 20 қыркүйек 2018 жылғы № 469 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Үкімет қаулысы, 30 қазан 2018 жыл.
3. «ҚР тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ № 595 бұйрығы 18 мамыр 2020 жыл № 207.
4. ҚР «Білім туралы» заңы. 2007ж. (өзгертулермен және қысқартулармен 07.07.2020 г.)
5. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.
6. Өмірбекова Қ.Қ. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары. Алматы, 2010
7. Садовникова И.Н. Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников.– М.: Владос, 1997

8. Дубынина Т.Е. Причины возникновения дисграфии у младших школьников// Современная психология и педагогика: проблемы и решения: сб. ст. по матер. XVII междунар. Науч.-практ. конф. № 12(16). – Новосибирск: СибАК, 2018. – С. 7-10. Корнев А.Н. Дислексия и дисграфия у детей. – 3-е изд. – СПб.: Гиппократ, 2012. – 224 с. Мелюханова Е. Е. Коррекция дисграфии у младших школьников// Инновационная наука. – 2017. – № 5. – С. 132–137.
9. Филенкова С.А. Нарушение письменной речи у младших школьников/С.А. Филенкова. – Текст : непосредственный//Молодой ученый. – 2019, № 39 (277). – С. 272-274. – URL: <https://moluch.ru/archive/277/62555/>.
- 10.Ерастова Н.В. Психофизиологические основы процесса письма младшего школьного возраста/Н.В. Ерастова. – Текст: непосредственный//Молодой ученый. – 2016, № 19 (123). – С. 347-350. – URL: <https://moluch.ru/archive/123/33960/>.

27. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

11. Омірбекова К.К., Оразаева Г.С., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. – Алматы, 2011. – 648 б.
12. Ибатова Г.Б. Дыбыс айтуды түзетудегі дайындық кезеңіндегі логопедиялық жұмыс: оқу құралы. – Алматы, 2014. – 95 б.
13. Ибатова Г.Б. Дыбыс айтуды түзетудегі машықтандыру кезеңіндегі логопедиялық жұмыс. – Алматы, 2014. – 172 б.
14. Ибатова Г.Б. Дыбыс айтуды түзетудегі ажырату кезеңіндегі логопедиялық жұмыс. – Алматы, 2014. – 92 б.
15. Ибатова Г.Б., Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру (СТЖД I-деңгей).– Алматы, 2014. – 96 б.
16. Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру. – Алматы, 2015.
17. Омірбекова К.К. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (4-деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. – Алматы, 2015.
18. Ибатова Г.Б. Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысы. – Алматы, 2015 г. – 58 б.
19. Жукова Н.С. Отклонения в развитии детской речи: Учеб. пособие для студентов дефектол. и дошк. факультетов пед. Вузов. – М.:УНПЦ Энергомаш,1994. –128 с.

28. Интернет көздері:

20. https://pedlib.ru/Books/2/0049/2_0049-471.shtml.
21. <https://www.infourok.ru>›...d.
22. <https://www.smdoctor.ru/disease/disgrafiya/>.
23. NSportal.ru<https://nsportal.ru> › logopediya ›.
24. [disgrafi.http://idi-k-nam.ru/profile](http://idi-k-nam.ru/profile).
25. <http://www.biblioclub.ru/book/86975/disser> Cat.
26. <http://subscribe.ru/catalog/socio.edu.logoped>.

